«Электрондық қаржы орталығы»
Акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
Аудит жөніндегі комитетінің
2025 жылғы «4» ақпандағы
шешімімен
(№ 1 хаттамасы)
мақұлданды

«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
2025 жылғы «6» ақпандағы
шешімімен (№ 1 хаттамасы)
бекітілді

| **ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР** | | | |
|---|---|---|---|
| **№** | **3** | **Күні** | |

| **ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР** | | |
|---|---|---|
| **Құжаттың белгіленуі** | **Құжаттың атауы** | **Енгізілген күні** |
| ІАҚ | «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы ереже | Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 4 тамыздағы шешімі (№10 хаттама) |

| **№ 3 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ** | |
|---|---|
| **Өзгертілетін / толықтырылатын тармақша, тармақ, бөлім, кесте** | **Өзгерістер мен толықтырулар мәтіні** |
| **1 бөлім** | Келесі мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:<br>«Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет (Қоғамның Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті) – Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құзыретіне жатқызылған неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша толық талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін құрылған Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы.». |
| **2-бөлімнің 3-тармағы** | Келесі редакцияда жазылсын:<br>«3. ІАҚ-тың ағымдағы қызметіне басшылық жасауды және жұмысын ұйымдастыруды ІАҚ басшысы жүзеге асырады.<br>ІАҚ функцияларын Қоғамның жалғыз ішкі аудиторы орындай алады.». |

**Әзірлеген:**

| **ТАӘ** | **Лауазымы** | **Құрылымдық бөлімше** | **Қолы** |
|---|---|---|---|
| **Мурзиев Б.І.** | ІАҚ басшысы | ІАҚ | [signature] |

| № 3 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ | |
|---|---|
| **11-бөлімнің 27-тармағы** | Келесі редакцияда жазылсын:<br>«27. ІАҚ, оның басшысы мен жұмыскерлері қызметінің тиімділігін бағалауды осы Ережеге сәйкес есепті кезеңдегі (тоқсан, жыл) әрбір ІАҚ жұмыскері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің картасын (ҚКК) (бұдан әрі – ҚКК картасы) бағалау негізінде Директорлар кеңесі жүзеге асырады.<br>Мақсатты мәндері бар ІАҚ қызметкерлерінің ҚКК карталарын ІАҚ әзірлейді және Директорлар кеңесі осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы жылдың ақпан айынан кешіктірмей, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет алдын ала мақұлдағаннан кейін бекітеді.<br>ІАҚ қызметкерлері қызметінің тиімділігін бағалауды Директорлар кеңесі тоқсан сайын және жыл қорытындысы бойынша, есепті кезеңнен кейінгі айдан кешіктірмей (1, 2, 3 тоқсан) және ағымдағы жылдың 4 тоқсанының 25 желтоқсанынан кешіктірмей (4 тоқсан, жыл қорытындысы бойынша) нақты мәндері бар ІАҚ қызметкерлерінің бекітілген ҚКК карталары негізінде, алдын ала жүзеге асырады осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет мақұлдайды.». |
| **12-бөлімнің 31-тармағы** | Келесі редакцияда жазылсын:<br>«31. ІАҚ қызметкерлеріне сыйақы беру осы Ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің шешімі негізінде есепті кезеңдегі (тоқсан, жыл) олардың қызметінің тиімділігін бағалау негізінде жүргізіледі.<br>Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде ІАҚ қызметкерлеріне ұлттық және мемлекеттік мерекелерге сыйлықақы беру, егер Қоғам қызметкерлеріне осындай сыйлықақы беру туралы шешім қабылданған жағдайда жүргізіледі. Бұл ретте ІАҚ қызметкерлері сыйлықақысының мөлшері Қоғам қызметкерлеріне төленетін мөлшерде айқындалады.». |

**Әзірлеген:**

| ТАӘ | Лауазымы | Құрылымдық бөлімше | Қолы |
|---|---|---|---|
| **Мурзиев Б.І.** | ІАҚ басшысы | ІАҚ | |

| № 3 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ | |
|---|---|
| **12-бөлімнің 31-1-тармағы** | Келесі мазмұндағы 31-1-тармақпен толықтырылсын:<br>«31-1. ІАҚ қызметкерлеріне сыйлықақы беру жүзеге асырылмайды:<br>1) сынақ мерзімінің қолданылу мерзімі ішінде;<br>2) тәртіптік жазаның қолданылу мерзімі ішінде;<br>3) еңбек шартын бұзу туралы бұйрық болған кезде (ІАҚ қызметкерінің бастамасы бойынша);<br>4) бала күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыста жүрген ІАҚ қызметкеріне қатысты;<br>5) жалақысы сақталмайтын үздіксіз демалыста жүрген ІАҚ қызметкеріне қатысты күнтізбелік 30 (отыз) күннен артық;<br>6) оқу демалысындағы ІАҚ қызметкеріне қатысты күнтізбелік 30 (отыз) күннен артық.». |
| **12-бөлімнің 33-тармағы** | Келесі редакцияда жазылсын:<br>«33. ІАҚ қызметкерлері қызметінің тиімділігін бағалау қорытындылары бойынша, егер Директорлар кеңесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, тоқсан сайынғы сыйлықақының мөлшері, нақты мәндері бар ІАҚ қызметкерлерінің ҚКК карталарында көзделген лауазымдық жалақыны қорытынды нәтижелілікке көбейту жолымен айқындалады. Бұл ретте, ІАҚ қызметкері үшін есепті кезеңдегі (тоқсандағы) қызметті бағалау нәтижелері бойынша сыйлықақының шекті мөлшері жылына 4 (төрт) лауазымдық айлықақыдан аспайды.<br>ІАҚ жұмыскерлері қызметінің тиімділігін бағалау қорытындылары бойынша, егер Директорлар кеңесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, жылдық сыйлықақы мөлшері есепті кезеңдегі (тоқсандағы) қорытынды нәтижелілік көрсеткіштерін жинақтау және жылдық бағалауды айқындау қажет болатын есепті кезеңдер санына бөлу жолымен айқындалады. Бұл ретте, ІАҚ қызметкері үшін есепті кезеңдегі (жылдағы) қызметті бағалау нәтижелері бойынша сыйлықақының шекті мөлшері 2 (екі) лауазымдық жалақыдан аспайды.». |
| **12-бөлімнің 34-тармағы** | Келесі редакцияда жазылсын:<br>«34. ІАҚ қызметкерлеріне орташа жалақысы сақтала отырып, ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күн жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы беріледі, бұл ретте жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының бір бөлігі кемінде 14 (он төрт) күнтізбелік күн болуға тиіс.». |

**Әзірлеген:**

| ТАӘ | Лауазымы | Құрылымдық бөлімше | Қолы |
|---|---|---|---|
| **Мурзиев Б.І.** | ІАҚ басшысы | ІАҚ | |

| **№ 3 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ** | |
|---|---|
| **12-бөлімнің 35-тармағы** | Келесі редакцияда жазылсын:<br>«35. ІАҚ қызметкерлеріне осы Ережеде көзделген шарттарда жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде тиісті қаржы жылына арналған қоғамды дамыту жоспарында бар қаражат шегінде 2 (екі) лауазымдық айлықақыдан аспайтын мөлшерде сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді. Бұл ретте сауықтыруға арналған жәрдемақы мөлшері ІАҚ-ның барлық қызметкерлері үшін бірдей мөлшерде төленеді.<br>Бірінші жұмыс жылында ІАҚ қызметкеріне оның өтініші бойынша жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын не ұзақтығы кемінде күнтізбелік 14 (он төрт) күнді құрайтын оның бір бөлігін беру кезінде нақты жұмыс істеген уақытына барабар сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді.<br>Кейінгі жылдары сауықтыру жәрдемақысы ІАҚ қызметкерлеріне жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде нақты жұмыс істеген уақытына пропорционалды түрде төленуі мүмкін.<br>Сауықтыру жәрдемақысы толық пайдаланылмаған жағдайда, қалған бөлігі ІАҚ қызметкеріне белгіленген тәртіппен оның өтініші негізінде жұмыс жылы өткеннен кейін төленеді.<br>Сауықтыру жәрдемақысы ІАҚ қызметкеріне ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде беріледі. Бұл ретте, егер ІАҚ қызметкері алдыңғы жұмыс жылы үшін сауықтыру жәрдемақысын алмаса, ағымдағы және кейінгі жылдары сауықтыру жәрдемақысы ауыстыруға жатпайды.». |
| **12-бөлімнің 36-1-тармағы** | Келесі мазмұндағы 36-1-тармақпен толықтырылсын:<br>«36-1. ІАҚ қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында және қоғамның барлық қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен шарттарын айқындайтын Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген түрлер мен мөлшерлер бойынша әлеуметтік қолдау көрсетіледі.». |
| **Ережеге 1-қосымша** | Осы өзгерістер мен толықтыруларға қосымшаға сәйкес Ережеге 1-қосымшамен толықтырылсын. |
| **Ережеге 2-қосымша** | Осы өзгерістер мен толықтыруларға қосымшаға сәйкес Ережеге 2-қосымшамен толықтырылсын. |

«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы Ережеге
№ 3 өзгерістер мен толықтыруларға («Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің
2025 жылғы «____» ___________
№ ___ хаттама)
1 қосымша

«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің
2021 жылғы 4 тамыздағы (№10 хаттама)
шешімімен бекітілген
«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы Ережеге
1 қосымша

**нысан**

«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
Кадрлар және сыйақылар комитетінің
_____ жылғы «___»_________
(№__хаттама) шешімімен
мақұлданды

«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесінің
_____ жылғы «___» _________
(№__хаттама) шешімімен
бекітілді

**Қызметтің негізгі көрсеткіштерінің картасы (ҚКК)**

___________________________________

*(ІАҚ қызметкерінің лауазымы)*

**«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы**
**_ _ _ _ жылғы 1-4 тоқсанға арналған нысаналы мәндермен**

| № | ҚКК атауы | Салмағы, (%) | Аяқталу нысаны | Мақсаты | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 1 тоқ. | 2 тоқ. | 3 тоқ. | 4 тоқ. |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

Таныстым ________________________ ____________________
*(ІАҚ қызметкерінің Т.А.Ә.)* *(қолы)*

20___жылғы «_____» _____________ ».

**Әзірлеген:**

| ТАӘ | Лауазымы | Құрылымдық бөлімше | Қолы |
|---|---|---|---|
| **Мурзиев Б.І.** | ІАҚ басшысы | ІАҚ | |

«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамының
Ішкі аудит қызметі туралы Ережеге
№ 3 өзгерістер мен толықтыруларға
(«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесінің
2025 жылғы «____» ___________
№ ___ хаттама)
2 қосымша

«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесінің
2021 жылғы 4 тамыздағы (№10 хаттама)
шешімімен бекітілген
«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамының
Ішкі аудит қызметі туралы Ережеге
2 қосымша

нысан

«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
Кадрлар және сыйақылар комитетінің
_____ жылғы «___»_________
(№__хаттама) шешімімен
мақұлданды

«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесінің
_____ жылғы «___» _________
(№__хаттама) шешімімен
бекітілді

**Қызметтің негізгі көрсеткіштерінің картасы (ҚКК)**

_______________________________________

*(ІАҚ қызметкерінің лауазымы)*

**«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы**
**_ _ _ _ жылғы _ _ тоқсандағы нақты мәндермен**

| № | ҚКК атауы | Салмағы, (%) | Мақсаты | Нақты | Қорытынды нәтижелілік |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |
| | | | | | |

**Әзірлеген:**

| **ТАӘ** | **Лауазымы** | **Құрылымдық бөлімше** | **Қолы** |
|---|---|---|---|
| **Мурзиев Б.І.** | ІАҚ басшысы | ІАҚ | |

**ІАҚ қызметкері**

_________________________ 20___ ж «_____» ____________.

*(Т.А.Ә.)* *(күні)*

_________________________

*(қолы)».*

**Әзірлеген:**

| ТАӘ | Лауазымы | Құрылымдық бөлімше | Қолы |
|---|---|---|---|
| **Мурзиев Б.І.** | ІАҚ басшысы | ІАҚ | |